

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 1747 және 1997 жылғы 30 мамырдағы N 907 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 13 ақпан N 108. Күші жойылды - ҚРҮ-нің 1998.10.27. N 1087 қаулысымен. ~P981087

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

"Қазақстан Республикасында өндірілген акциздеуге жататын тауарларға және құмар ойын бизнесіне арналған акциздердің ставкалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 1747

P961747_

қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1996 ж., N 53, 516-құжат):

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

"Спирттің барлық түрі (тауар өндірушіде осындай өнімді шығару құқығына Қазақстан Республикасының лицензиясы болған жағдайда ликер-арак, күшейтілген сусындар, күшейтілген шырындар, шарап, бальзам, емдік және фармацевтік дәрі-дәрмектер жасауға босатылғандарынан, сондай-ақ мемлекеттік медициналық мекемелерге босатылатындарынан басқа) 0,3 экю/литр"

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын;

"Спирттің барлық түрі (тауар

өндірушіде көрсетілген өнімді шығару құқығына Қазақстан Республикасының лицензиясы болған жағдайда емдік және фармацевтік дәрі-дәрмектер жасауға босатылғандарынан, сондай-ақ мемлекеттік медициналық мекемелерге босатылатындарынан басқа) 3,0 экю/литр"

Тауар өндірушіде осындай өнімді шығару құқығына Қазақстан Республикасының лицензиясы болған жағдайда ликер-арақ бұйымдары, күшейтілген сусындар, күшейтілген шырындар, шараптар, бальзамдар жасауға босатылған спирттердің барлық түрлері 0,3 экю/литр";

"Импортталатын акциздеуге жататын тауарлардың акциздік ставкалары және акциздер алуға жатпайтын, акцизделетін тауарларды Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы жеке тұлғалардың алып өту нормалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 мамырдағы N 907

P970907_

қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1997 ж., N 23, 209-құжат):

аталған қаулының 1-қосымшасында:

"2207, 2208-ден
Спирттің барлық түрлері 0,3 экю/литр

күшейтілген сусындар, күшейтілген шырындар мен бальзамдар, арақ, ликер-арақ бұйымдары, коньяктар 1,7 экю-литр"

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"2207, 2208-ден
Спирттің барлық түрлері 0,3 экю/литр

Тауар өндірушіде осындай өнімді
шығару құқығына Қазақстан
Республикасының лицензиясы
болған жағдайда ликер-арақ
бұйымдары, күшейтілген
сусындар, күшейтілген шырындар,
шараптар, бальзамдар жасауға
босатылған спирттердің барлық
түрлерінен 0,3 экю/литр

Күшейтілген сусындар, күшейтілген
шырындар және бальзамдар, арақ,
ликер-арақ бұйымдары, коньяктар 1,7 экю-литр"

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан
Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

3. Осы қаулы 1998 жылдың 1 наурызынан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі